



**ЕГДЕ  
ЖАСТАҒЫЛАР  
ЕЛЕУСІЗ  
ҚАЛМАЙДЫ**

**6-бет**



**ТЕЛЕФОНҒА  
ТЕЛМІРГЕН  
БАЛАНЫҢ  
ТӘРБИЕСІ  
АҚСАЙДЫ**

**8-бет**



**ҰТЫСТАН  
ҚҰР  
ҚАЛМАҒЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып,  
ұтысты болыңыз!  
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО  
МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ  
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:  
«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртеккің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

**ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ  
17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.**

**Ал, іске сәт!**



# ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№43 (3574) 13 маусым 2023

# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



12 МАУСЫМ – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

## «МЕН СІЗДЕРМЕН БІРГЕМІН!»



Семейдегі тілсіз жауды ауыздықтау кезінде ерлікпен қаза тапқан 14 батырдың құрметіне 12 маусым – жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды.

Алапат өрт 8 маусым күні басталған болатын. Семей орман резерватынан басталған өртті алғашында аймақтағы төтеншеліктер мен орманшылар өз күшімен сөндіруге әрекет еткен. Бірақ, біраз уақыттан бері жауын көрмей, ыстықта құрғап тұрған ағаштар аз адамға күш бермеген. Ұйтқыған жел де өрттің тез жайылып, жан-жаққа таралуына түрткі болса керек.

(Соңы 5-бетте)

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

### МОПЕД МІНГЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ МІНБЕРГЕ ЖЕТТІ

Қазір ақпарат көздерін ашып қалсаң кем дегенде бес жаңалықтың бірі скутер, мопед, велосипед, самокат сияқты көліктердің қатысуымен жол апаты болды деп басталатыны өтірік емес. Мұның көбі Алматы секілді алып қалаларда болса, қазір ауыл арасындағы жолдарда да жүйткіген скутер, мопед, велосипед, самокат жүргізушілері жол ережелерін өрескел бұзатын болған.

Алматы қалалық полиция департаменті келтірген мына мәліметке зер салайықшы: «Өкінішке қарай, соңғы кезде Алматы көшелерінде жоғарыда аталған көліктердің қатысуымен болатын апаттар жиілеп кетті. Әсіресе, курьерлік жеткізу қызметі өкілдерінің әрекетінен болатын жазатайым оқиғалар көп. Осындай оқиғалардың бірінде жас жігіт қаза тапты. Бұл – дабыл қағуға және екі дөңгелекті көлік жүргізушілерін жауапкершілікке шақыруға себеп. Бұл мәселеге қатысты жедел және алдын алу шаралары жалғасуда».

Аталған қос дөңгелекті көліктерді әсіресе, тапсырыс жеткізушілер жиі қолданатындықтан жолда ереже бұзатындардың да көбі солар екені түсінікті. Асығыстықтан алды-артына қарамай шапқылайтын олар көлік-көліктің арасымен жүйткігенде өз өмірлерін ғана емес, автомобиль жүргізушілерінің де өмірін қатерге тігетінін ойлап жатпайды.

(Соңы 3-бетте)

ЖЕГІҚҰРТ

## ЗАҢ БҰЗАТЫНДАРДЫҢ ДЕНІ – ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тобының негізгі назары мемлекеттік қызметкерлерде. Бір қараған адамға қалауын тауып, жоқты бардай, барды нардай етіп жасау тек шенді-шекпенділердің маңайында жүзеге асатын секілді. Дегенмен, келісімді қылмыстың үлкен-кішісі яки белгілі саласы болмайды.

Пысықайлар қолында бардың күшімен сыбайласа береді екен. Сандарды сөйлете кетіп, сала-саласын саралайтын болсақ, таңқаласың. Ең арғы жағы спортта да сыбайластық жағдайлар көптеп тіркеледі. Бұрындары шын мықтыға шектеу жоқ, шаршы алаңдарда қазір тек күштің сөзі сөйлейді дейтінбіз. Бағың мен бабыңның қатар шабуы жеңіске жетуге аздық етеді. Сөйлейтін көзірлерің болуы шарт. Бес саусақ бірдей

демейміз, дегенмен спорт бәсекелерінде көкесі барлар мен қаражаты көптердің хәм қалауын тапқан әпенділердің әмірі жүріп тұр. Бұны мен айтып отырған жоқпын, деректер солай сөйлейді. Қазақстан «Sportradar» спорттық аналитикалық компаниясының мәліметінше спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық жайы бойынша әлем елдерінің ондығына кіреді екен. Нақтырақ айтсақ төртінші орынға жайғасыппыз.

Спорт саласындағы жемқорлық жайын жайып салудан бұрын жалпылама статистикаға мән беруді жөн көрдік. Әріге бармай-ақ, жыл басынан бері елімізде 414 адам сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар деген күдікке ілініпті. Оның 155-і арам пиғылын іске асыру үшін пара бергендер, 124-і оңай олжаға қалтасын қампайтуды жөн санағандар, 58-і сыбайластық топ құрған әккілер, 19-ы аманатқа қиянат жасап, өзгенің мүлкін иемденгендер, 18-і қызметтік уәкілеттілігін асыра пайдаланған пайдакүнемдер. Әзірше көбісі күдікке ілініп, ісі жүріп жатқандар. Дейтұрғанмен, мұндайда қазақең «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» дейді. Әркім өзінің ар соты мен заң аясында анықталары сөзсіз. Алайда, айналдырған 3 айға бұл көрсеткіш тым көп

деп ойламайсыз ба? Жауаптылар өткен жылмен салыстырғанда бірінші тоқсан бойынша қылмыс тіркелу дерегі 8 пайызға азайған деп сендірді. 2022 жылдың осы кезеңінде 450 адам күдікке ілініпті. 2021 жылы бұл сан 13,6 пайызға көп болыпты. Жылдан жылға азаю көрсеткіші байқалады. Қоғамымыз не болып барады деген қамқөңілге бұл сандар кішкене де болса үміт шырағын жағатындай.

Үміт ұшқынын қайтадан сөндіргендей болмайын, дегенмен мына статистиканы көріп көңіліңіз тағы қалары сөзсіз. Қазақ халқы «Ет сасыса, тұз себесің, тұз сасыса, не себесің?» дейді ғой. Заң бұзатындардың дені заң қызметкерлері екен.

(Соңы 3-бетте)

МИНБЕР

ТАЛҚЫ

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОТ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Қазақстан Республикасының сот жүйесі бүгінгі күнге дейін үлкен даму жолынан өтті. Қазіргідей сапалы заңдар, сәулетті ғимараттар, заманауи құрылғылармен жабдықталған мәжіліс залдары бір күнде пайда болған жоқ.



**М. ТЕКЕТАЕВ,**  
Қызылорда облысы азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

Істі қарайтын судьяны компьютердің көмегімен таңдау, сот отырысы толықтай таспаға жазылатындықтан қысқаша хаттама жазу, сот құжаттары мен сауалдарына қашықтан жауап берудің шындыққа айналғанына ол кезде ешкім сенбеген. Мұндай игіліктің бәрі жылдар бойы жүргізілген сот реформасының жемісі. Сонымен бірге, бұл мемлекетімізде сот жұмысын жетілдіру үшін тұрақты қолдау

көрсетілгенінің нақты нәтижесі.

Дала заңының қағида-сына сай қазақ жерінде төрелікті билердің жасағаны белгілі. Ол кездің әділ де тұрашыл билері судьяның да, прокурор мен адвокаттың да рөлін қатар атқарған еді. Ал Кеңестік дәуірде жүргізілген реформалар қазақты осы тарих қойнауынан тамыр тартқан қазақы құқықтық қазынасынан ажыратуды көздеді. Шоқанның сот реформалары туралы жазбалары патшалық Ресейдің қазақтарға қатысты отарлық әкімшілік-басқаруына қарсылығы деп бағалағанымыз жөн. Өз жазбасында Шоқан Уәлиханов қазақ халқының саяси-экономикалық құқықтары мен мүдделерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, қорғауға тырысты. Патша үкіметінің қазақтың билер сотын сайлау принципіне көшіру мен мемлекет органы арқылы бекіту жөніндегі заңына Шоқан қарсы шығып, сот реформасының бұл түрі халық мүддесіне қайшы келетінін көрсетті. Жанашыр ұл жаңа реформа билер институтын құрдымға кетіретінін

сол кезде-ақ болжаған. Бұл кезде сот саласындағы реформаларға қарсы тұру, өзгерту мүмкін емес еді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өшкенімізді жаңғыртудың сәті түсті. Осылайша егемендіктің арқасында сот саласы етек-жеңін жинап, ел тірегіне айналды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы қадамның бірі сот жұмысын жаңғыртуға бағытталды. «Сот жүйесі және судья мәртебесі туралы» заңның қабылдануы сот пен судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, әділ төрелікке сырттан жасалатын ықпалды азайтуды мақсат етті. Орыс жазушысы Эдуард Севрус «Реформа дегенді жаңа заңдарды асығыс қабылдау деп түсінбеу керек. Реформа – ескі заңдарды талассыз орындату» деген екен. Біздің елімізде де әрбір заң үлкен ізденістің, терең еңбектің жемісі.

Жаңа өзгерістерге қатысты пікірін білдірген «Бейкер және Макензи» кеңсесінің директоры Куртис Мастерс «Қазақстанның сот жүйесін бұрынғы кеңестік елдердің ішіндегі ең үздіктердің бірі» деуі бекер емес. Жоғарғы Соттың шетелдік елшілердің басын қосып өткізген жиынында айтылған бұл пікірге

сол кезде барлық қонақтар қосылған еді. Бұл да болса, қазақстандық соттың бағытының дұрыс, бағдарының айқын, міндетінің ауқымды екенін көрсетеді.

Сот реформаларының нәтижесі жоғары. Қазақстандық соттың даму сатысын електен өткізген шетелдік әріптестердің барлығы қысқа ғана уақытта сот төрелігінің айтарлықтай жетістікке жеткеніне таңданыспен қарайды. Мұндай қарқынды өзгерістің құпиясы – мемлекеттің сот дамуына жіті көңіл бөліп, сот билігіне құрметпен қарауына байланысты болса керек.

Қарап отырсақ, тәуелсіздік алғалы Мемлекет басшысы жыл сайын халыққа жолдауын жариялап келеді. Осы стратегиялық құжаттың бірде-бірінен қазақстандық соттың мәселелері мен міндеттері шет қалып көрген емес. Жолдауда жүктелген тапсырмалар талай іргелі жаңғыртуларға алғышарт жасады. Бүгінде өзінің тиімділігін көрсеткен мамандандырылған соттар, алқабилер соты, медиация, сот сатыларын оңтайландыру тәжірибеді мықтап орнықты. Ал Мемлекет басшысының қолдауымен әр төрт жыл сайын өткізілетін соттар съезінің сапалы сот төрелігіне негіз қалағанына күмән жоқ. Ендігі міндет – жақсы істі үзіп алмау, жаңғыртуларды тиімді жалғастыру. Халық сенетін, ел арқа сүйейтін сот төрелігін құру бойынша қолға алынатын жұмыстар алдағы уақытта да тоқтап қалмайды.



## ТАЛАП ҚОЮ НЕГЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ?

Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасында «Бизнес өкілдерінің әкімшілік талап қоюларының негізділігі мен қайтару себептері» деген тақырыпта дөңгелек үстел өтті.

Іс-шарада Маңғыстау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы И.Сматов өңірде әкімшілік талап қоюмен қатар, соттардың талап қоюды қайтаруы да өскенін айтып, негізгі себептерге тоқталды. Көбінесе дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі сақталмай, іс әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпағандықтан қайтарылған. Әкімшілік рәсім – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызмет екенін жеткізген төраға тараптар жолданыммен әкімшілік органға жүгінсе дау сол алаңда шешілетінін түсіндірді.

Маңғыстау облысы мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы М.Мұқашев осы жылдың 5 айында әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатпауына байланысты 39 іс қайтарылғанын айтты.

Дөңгелек үстел барысында әкімшілік талап қоюдың нысаны мен түрлері, талап қою мерзімі, арызға қол қоюға немесе оны ұсынуға өкілеттігі бар тұлғалар, дауды сотқа дейінгі реттеу, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайтын талап қоюлар, әкімшілік талап қоюлардың негізділігі туралы қатысушыларға кеңінен мәліметтер берілді. Шара соңында дауды сотқа дейін реттеу бойынша ұсынымдар берілді.

**Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі**

БІЛГЕН ЖӨН

ОҢ ҚАДАМ

## ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТУДЫҢ НЕГІЗІ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша жеке адам тек кінәсі анықталған құқық бұзушылық үшін ғана жауаптылыққа болуға тиіс. Жеке адамның кінәсіздіктен келтірген залалы үшін объективті кінә тағуға, яғни, әкімшілік жауаптылыққа тартуға жол берілмейді. Қасақана немесе абайсыз әрекет жасаған жеке адам әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылады.

Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам хаттаманы және істің басқа да материалымен танысуға, түсініктеме беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескерту жасауға, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге, қорғаушының көмегін пайдалануға, іс қаралғанда ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге, егер іс жүр-

гізіліп отырған тілді білмесе, аудармашының қызметін пайдалануға; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және іс жөніндегі қаулыға шағымдануға, сондай-ақ, өзіне ӘҚБТК-де берілген өзге де іс жүргізу құқығын пайдалана алады. Мұндай іс әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қатысуымен қаралады.

ӘҚБТК-нің 744-бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша сотқа келуден жалтарған адамды мәжбүрлеп алып келу іске асырылуы мүмкін. Алып келу туралы сот ұйғарымын сот приставы немесе ішкі істер органдары, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын органның ұйғарымын ішкі істер органдары орындайды.

Өзіне қатысты әкімшілік

құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан кәмелетке толмаған адам, талқылануы оған теріс әсер етуі мүмкін істің мән-жайын қарау кезінде шығарыла тұруы мүмкін.

Әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқығын, бостандығын немесе заңмен қорғалатын мүддесін қорғау үшін азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге адамдардың белгісіз бір тобының құқығын және заңмен қорғалатын мүддесін қорғау туралы сотқа арыз бере алады.

**Д. МАҚСҰТОВ,**  
Әлихан Бөкейхан аудандық сотының төрағасы  
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

бар. Ол заң іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол заң кез келген жерде мемлекеттік тілде сөйлеуге, кез келген қағазды мемлекеттік тілде жазуға, қажет жерінде сол тілде жауап алуға жағдай жасайды. Тек халық талап етіп, қолдана алса болғаны.

Арызын орысша бергенімен, сот процесі кезінде азаматтардың орыс тілінде ойын еркін жеткізе алмайтын кездері болады. АПК-нің 14-бабы 2-бөлігінде егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау бары-

## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Мәселен, Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев мемлекеттік балабақшалардың барлығы қазақ тіліне көшуі мүмкін екенін айтты. Министр бұл мәселені бекер көтеріп отырған жоқ. Өйткені, соңғы жылдары қазақ тілді балабақшаларға сұраныс арта түскен. Балабақшадан бастап қазақ тілінде тәрбиеленген ұрпақ болашақта ана тілінде сөйлеп, қазақша ойлайтын болады.

Соңғы жылдары сот саласында да істі қазақ тілінде өткізуге қатысты өтініштер көбейе түскен. Бұл халықтың тілге деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. Мемлекет қазақ тіліне байланысты жасалуға тиіс нәрсенің бәрін жасап жатыр. Тиісті заң

сында талап қоюшының өз өкілі талап қою арызын берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтініш-хаты бойынша ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады деп көрсетілген. Демек, сот барысында да азаматтарымыз өз құқығын пайдаланып, кез келген сәтте сот өтетін тілді таңдап алуына мүмкіндік берілген. Тек өз құқығыңызды біліп, мемлекеттік тіл мәселесіне немқұрайды қарамасаңыз болғаны.

**Қ.МЕКЕМТАС,**  
Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ҚЫЗМЕТ

МЕЖЕ

## ХАТТАМАНЫҢ ДҰРЫСТЫҒЫНА ХАТШЫ ЖАУАПТЫ

Сот отырысының хатшысы – сот отырысынан хаттама жасай отырып, құжаттың дұрыстығы мен толықтығына жеке дара жауап береді. Сот отырысының хаттамасына анық емес не шындыққа сай келмейтін мәліметті енгізген жағдайда, хатшы заңға сай жауап береді.

Хатшы барлық уақытта сот отырысы залында болуға және іске төрағалық етушінің рұқсатынсыз кетпеуге, хаттамада соттың іс-әрекеті мен шешімін, сот отырысына қатысушы тараптардың жауабын, қарсылығын, өтініші мен түсініктемесін, сондай-ақ, сот отырысының хаттамасын толық әрі дұрыс жазуы тиіс. Хаттаманы ҚПК және АПК-де белгіленген мерзімде дайындап, төрағалық етушінің заңды үкіміне бағынуға, жабық сот отырысында өзіне белгілі болған мән-жайды жария етпеуге міндетті.

Сот отырысының хатшысына мемлекеттік қызметші санаты берілді. Хатшы іс матери-

алдарын сот отырысында қарауға дайындап, шақыру қағазын, смс-хабарлама жібереді, сот отырысына қатысушы адамдарды шақырады, оқшаулау жағдайындағы сотталушыны этаппен алып жүруді, бейнеконференц байланыс ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да. Мемлекеттік қызмет мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлер сияқты сот отырысы хатшыларына да қойылатын талап әрдайым жоғары. Соттың іс жүргізуге қатысты ішкі тәртіптері ішінара өзгеріп отырады. Осының өзі хатшының сот жүйесіндегі маңызды буын екенін көрсетеді.

**Қанат БАЛТАБАЕВ,**  
Жаңаөзен қалалық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІК ҚОРҒАЛАДЫ

Өнеркәсіптік меншік зияткерлік меншік жүйесіндегі негізгі элементтің бірі. Инновациялар мен технологиялық прогресс экономикалық дамудың қозғалтқышына айналған қазіргі кезде өнеркәсіптік меншік мемлекет дамуының маңызды аспектісіне айналып отыр. Ол технологиялық әзірлемені қорғауда, бәсекелестікті сақтауда, позицияны нығайтуда және табысты арттыруда маңызды рөл атқарады.

Зияткерлік меншік құқығының арқасында ең озық және инновациялық компаниялар өз имиджі мен беделін сақтай алады, бұл өз кезегінде қуатты маркетинг құралына айналады. Инновация қолжетімді бола түседі, бұл жаңа ғылыми-техникалық әзірлемелерді өндіріс процесіне енгізуді жедел-

детуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде адамдардың өмір сүру деңгейі жақсарып, өндіріс уақыты қысқарады, тауарлар мен қызмет сапасы жақсарыды.

Зияткерлік меншік объектілерінің құқығын нығайтуға, қорғауға бағытталған түрлі құқықтық актілер мен халықаралық келісімдер

бар. Ұлттық заңнамада бұл, әрине, Азаматтық кодекс, сондай-ақ, Патент заңы. Қазақстан Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының мүшесі ретінде өнеркәсіптік меншікті халықаралық деңгейде қорғауға белсенді түрде жәрдемдеседі. Осылайша, өнеркәсіптік меншік зияткерлік меншік жүйесінің ажырамас элементі және мемлекет пен қоғам дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады.

**Т.УБИШЕВ,**  
Ақтөбе облысы әділет департаментінің бөлім басшысы

ЖЕГІҚҰРТ

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

# ЗАҢ БҰЗАТЫНДАРДЫҢ ДЕНІ – ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сыбайлас жемқорлық дерегі бойынша сот алдында сұралғандардың көбі ішкі істер органдарында қызмет еткен жандар. Жалпы қылмыстың 26,1 пайызы атаулы салаға тиесілі. Жергілікті әкімдіктер мен оларға қарасты басқарушы құрылымдар бойынша 39 адам, қаржы министрлігінен 7 адам деген секілді сандарды айта бастасақ атағы дардай тараптардан тұтылғандар тізімі созылып кете береді. Қош, қайсысын әшкерелеп отырамыз.

Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесе алмасақ, елдік мүддемдіздің көбінде мүдіріп қаларымыз сөзсіз. Қарсы күрес жүргізуде қоғамдық иммунитеттің басты рөл атқаратындығын да мен айтпай-ақ біліп отырсыз. Көбінде қалың халықтың қамсыздығы себепкер. Сыбайласудың басы күнделікті өмірде тұрмыстық деңгейде бастау алатыны белгілі. Жол үстінде жол ережесін бұзып, жол қызметкеріне жолаяқ жасап жүрген де бұқара, ақ халатты абзал жандардың антына селкеу түсіргізіп, қызметі үшін қосымша құн ұсынып жүрген де бұқара, тағысы тағы бар. Өзіміз «беріп» дәнкітіріп отырмыз. Осы секілді кіші «рақметтерден» бастап, жұмысқа тұрғызу, қызметін өсіру, заңды бұрмалау секілді сәттерді айтқымыз келмесе де ақиқат көрініп тұр.

Спорттағы сыбайластыққа қайта оралайық. «Sportradar» спорттық аналитикалық компаниясы 2015 жылдан бастап нарықта қызмет етеді. Басты мақсаты – әлемдік спорт додаларының әділ өтуі. Атаулы ұйымның мәліметінше, 2022 жылы 1212 спорттық матчтың туралығына күмән бар көрінеді. Биылғы көрсеткіш компания құрылғаннан бергі рекордтық меже екен. 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 307 күмәнді матч артық тіркелген, шамамен есу көрсеткіші – 34 пайызға тең. Сарапшылар басты себебі ретінде әлемдік алпауыттардың өзін алаңдатқан экономикалық тұралауды атап көрсетті. Сәйкесінше жоғары емес орта буындағы көп спорт ұйымдары қаржылық қиыншылық

көруге мәжбүр болған. Күмән мен күдік ұялатқан спорттық додалардың ең көбі Бразилияда тіркелген. Зерттеушілер 152 матчтың әділ өткеніне таласпен қарайды. Бұл бағыт бойынша екінші орынға ресейлік көршілеріміз жайғасты. Онда 92 күдікті матч. Үштікті иемденген чехтық спортшылардың 56 кездесуін күдікті деп қорытындылайды. Төртінші орында өзіміз, 43 ойынымыз келісімді болды дейді. Одан кейінгі орындарды Қытай, Грекия, Аргентина секілді елдер толықтырады.

Келісіп жүрген кімдер дейсіз ғой? Күмәнді матчтар бойынша ең танымал спорт түрі – футбол сайыстары көп күдікке ілінеді. Атаулы ұйымның сарапшылары 2022 жылы 775 ойынға әділ емес деп баға берді. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 15,5 пайызға артық. Дәл осы спорт түрінің көптеп келісілгенін бәс тігуге ыңғайлы спорт түрі екендігімен түсіндіреді. Кәдуілгі букмекерлік кеңселердің қолдан құрастырған қойылымы. Жеңіске жету ықтималдығы жоғары, құрамы келісті, шын мықтының өзін шаң қаптырып, оған тігілген бәс саудасын бұзуға машықтанып алған. Ойда жоқта ойсырап жеңіліп, жеңіс ауылы мүлде алыс деген командаңыз жүлдегер атанып кеткенде көп қаражат атаулы кеңсенің еншісінде қалады. Сайып келгенде тағы да кінәлі өзіміз болып шыға келдік. Одан кейінгі күдікті ойындар легін баскетбол, киберспорт, теннис және үстел теннисі секілді танымал спорт түрлері жалғай береді.

Адамзат баласына ақыл-парасаттан бөлек нәпсі атаулыны қоса жаратқаннан бастап біз түрлі айла ойлап таптық. Сан ғасырлар бойы әккілікті игердік. Келісуді көздеп, ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүруге дағдыландық. Оңай олжаға ауыздандық. Сәйкесінше сыбайлас жемқорлыққа салындық. Күні кеше пайда болған кесел емес, дәл сол секілді ертең ауыздықталайын деп те отырған жоқ. Адам бар жерде нәпсі бар, нәпсі бар жерде сыбайлас жемқорлық бар.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ



## МОПЕД МІНГЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ МІНБЕРГЕ ЖЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бастысы, тапсырысты жеткізіп, азын-аулақ тиынын тапса болғаны.

Полиция мәліметінше, жол ережесіне сәйкес, егер мопедтің қозғалтқыш көлемі 50 текше метрден асса, онда ол көлік ретінде полицияда тіркеліп, жүргізушінің тиісті санаттағы куәлігі болуы шарт екенін алға тартады. Осы негізде қаншасына хаттама толтырып, қаншасын айып тұрағына қойғанмен, кез келген жерде жалға беріліп жатқан арзан көлік түрлерін қолданушылар заңды белден басып, жолға қайта шығады. Өйткені, оларды тектеп-тексеріп, тыйым салатын заң айтарлықтай қатаң емес. Бар заң орындалмайды. Салдарын айтып жатудың өзі артық.

Мопед мінген жүргізушілердің дәрежесі велосипедпен тең болғандықтан, барар жеріне тез жету үшін арнайы жолақты аттап өтіп, автомобиль жолдарын пайдаланады. Кейбірі арнайы киімсіз, қос-қостан мінгесіп жүрген жасөспірімдер. Қала көшелерін былай қойып, қазір ауыл көшелерінде машинаға жол бермей жанталасып келе жатқандар бала-шаға, үлкен кісілердің де өміріне қауіп төндіріп отыр. Ертелі-кеш көшеге шыға қалсаң тар көшенің шаңын (өкінішке қарай ауыл көшелерінің бәрі бірдей асфальтталмаған) аспанға көтеріп ұшып келе жатқан мопедтерді көргенде қашатын жер таппай қиналасың.

Статистика бойынша, осындай альтернативті көліктердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғасы 4-5 есе артқан. Күн жылына бұлардың қатары тіпті көбейді. Автомобиль жолдарын былай қойып, жаяу жүргіншіге арналған тротуарларда да тайталасып жүретін бұларға қатаң тыйым салып, жүргізуші куәлігін алуды міндеттемейінше, аталған жол апаттарының түрлері көбейме-

**Жол жүрісі туралы заңның 57-бабымен тыйым салынады:**

3. Мопед пен велосипед жүргізушілеріне:

- 1) бір қолымен рульден ұстамай жүргізуге;
- 2) жолаушылар тасымалдауға;
- 3) габаритінен ұзындығы немесе ені бойынша елу сантиметрден артық шығып тұратын жүкті немесе басқаруға кедергі келтіретін жүкті тасымалдауға;
- 4) қатарында велосипед жолы болған кезде автомобиль жолымен жүруге;
- 5) трамвай жүретін жолдарда және осы бағытта жүруге арналған біреуден артық жолағы бар жолдарда солға бұрылуға немесе кері бұрылуға;
- 6) мопедпен және велосипедпен пайдалануға арналған тіркемені сүйретуден басқа, мопедтер мен велосипедтерді, сондай-ақ, мопедтермен және велосипедтермен жүруге тыйым салынады.
- 7) жаяу жүргінші өткелімен жүруге тыйым салынады.

се азаймайтыны тағы анық. Сондықтан «Сақтаңсаң, сақтаймын» деген қағидаға сүйеніп, адамдар өз амандығына өзі ғана жауапты деуден басқа айтар сөз де жоқ.

Жалпы, әншейінде өзімізді Еуропа елдерімен салыстырып, оларда «мұндай екен, сондай екен» деп көптеген дайын дүниелерді көшіріп ала беруге шеберміз ғой. Сол Еуропаңызда мопед мінудің арнайы категориясы бар жүргізуші куәлігі қажет екенін білесіз бе? Ал Украина 2010 жылдан бері сыйымдылығы 50 текше сантиметрге жетпейтін мопедтерді жүргізу үшін «А1» дәрежелі жүргізуші куәлігін алу керек екенін арнайы заңмен міндеттеген. Тіпті, іргемізге тиіп тұрған Ресейдің өзінде мопед мінудің үшін «М» дәрежелі арнайы куәлік алу жүктелген. Бұл мәселеде біздің «жағамыз неге жайлауда» екенін түсіну қиын.

Алысқа бармай-ақ Талғар-Алматы тас жолының бойын бақылап көріңізші. Сан түрлі мопед мінген тапсырыс тасымалдаушылар автокөлік жүргізушілерінің еркін жүруіне мүмкіндік бермейді. Өйткені, олардың қай уақытта, қай жерден жалт етіп шыға келетінін

білмейсің. Көз алдымызда екі көліктің арасынан асығыс өтпек болған мопед жүргізушісі екі бірдей көлікті зақымдап, өзі ұшып түсті. Нәтижесінде машиналар да бүлініп, мопед те сынды.

Тек соңғы екі айда ғана «Алматыда мопед жүргізушілерінің қатысуымен 82 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Салдарынан 80-нен аса адам зардап шегіп, әртүрлі деңгейдегі дене жарақатын алды» – деді Алматы қаласы полиция департаменті өкілі. Ал таңнан кешке дейін ауа райының қолайсыздығына қарамастан еңбек етеміз деген мопед тізгіндеген курьерлердің айтуынша, жеңіл көліктер жол бермейді. «Мопедтер жол ережесін сақтауға тырысады. Жеңіл көліктер жол бермей, қысып кетеді», – деді курьер Зият Мұхамеджан.

Енді ойлап қараңызшы, ешқандай мемлекеттік нөмірі жоқ көліктің автомобиль жолына шығуға қандай құқы бар? Бұл нөмірлі көліктер мопед, мотоциклдегілерді қысып,

апатқа ұшырата берсін деген сөз емес. Бірақ жол ережесі де өз міндетін атқаруы керек. Бұл ретте сарапшы Алексей Алексеев: «Жыл сайын мопедке отырғандардың саны артып жатыр. Жыл мезгіліне қарай пайдаланады. Велосипедтен тез жүретін көліктің барлығын есепке алу керек. Оларда да көлік жүргізетінін растайтын құжат болуы қажет. Бұл айтарлықтай жауапкершілікті арттырады», – деп атап өтті.

Арнайы тіркеуге тұрмай-ақ мопед міне беруге болатындықтан, олардың ел, облыс, қала, аудан бойынша да нақты есебі жоқ. Оның үстіне Қытайдан арзан бағамен тапсырыс арқылы алдыра беретіні тағы бар. Ал жауапкершілік дегенді біле бермейтін жасөспірімдердің мұндай тізгінді қолға алуының арты өкінішке тіреп жатқанын ешкім білмей отырған жоқ. Бұл ретте баласының айтқанын істейтін ата-аналардың да жауапкершілігін арттыру мәселесі қолға алынуы керек деп есептейміз.

Жанбота  
СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

МӘСЕЛЕ

**Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебі бойынша, әлемдегі 8 млрд халықтың 1,3 млрд-ы ерекше қажеттілігі бар адамдар. Бұл жер тұрғындарының 16 пайызы.**

Еуропадағы бүкіл 65 мемлекеттің халқын қосса да оған жетпейді. Сол сияқты әлемдегі 65 жастан асқан бүкіл қарттарды жинаса да ерекше қажеттілігі бар адамдардың санына жетпейді екен. Егер ерекше қажеттілігі бар адамдардың тең жартысы 65 жастан асқан қария екенін ескерсек, олардың саны жыл өткен сайын өспесе, кемімейтіні анық. Өйткені, жас балаларға қарағанда қарттардың жасы мен физикалық күш-қуатына қарай түрлі дене жарақатын алу көрсеткіші 13 есе жоғары. БҰҰ мәліметі бойынша, 2050 жылға қарай қарттардың үлесі 16-дан 20 пайызға дейін ұлғаюы мүмкін. Осы арада ерекше қажеттілігі бар адамдардың 12 мүшесі сау өз құрдастарына қарағанда 20 жыл аз өмір сүретінін де естен шығармаған жөн шығар. Ерекше қажеттілігі

бар жандардың қоғамдық өмірге қатысуы да шектеулі. Олардың 20-40 пайызы әлі күнге дейін күнделікті тіршілікке қажетті көмекпен қамтамасыз етілмей отыр.

«Aqniет» денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы Алматы қалалық филиалының төрағасы Алтын Даутованың айтуынша, бұған ерекше қажеттілігі бар адамдардың медициналық қызметке қолжетімділігінің төмендігі де өз әсерін тигізуде. Оны БҰҰ-ның есебінен де аңғаруға болады. Мәселен, қазір әлемдегі ерекше қажеттілігі бар адамдардың 80 пайызы дамыған елдердің үлесіне тиеді. Өйткені, онда халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс жағдайы ғана емес, адам құқығының қорғалуы да жоғары деңгейде. Азаматтық қоғам институттары ерекше қажеттілігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуын, оларға жасалатын әлеуметтік жеңілдіктің толық көлемде берілуін әрдайым қадағалап отырады. Экономикасы артта қалған және дамушы елдер қатарына

кеш қосылған өзге мемлекеттерде мұндай мүмкіндік аз және ерекше қажеттілігі бар адамдардың жұмыспен қамтылу көрсеткіші де өте төмен.

Орталық Азиядағы өзге елдерге қарағанда халықтың табысы орташадан жоғары саналатын Қазақстанда да бұл жағдай әлі сақталып отыр. Әлемдік қауымдастықтар тарапынан қабылданып, мемлекеттік деңгейде мойындалып, бекітілген халықаралық конвенциялар бойынша үкімет органдары тарапынан мақұлданып, қабылданған түрлі бағдарлама, жоспар, жобаларға бюджеттен бөлінген қормақты қаражаттың тиімді жұмсалыуы бойынша ауыз толтырып айтатын нәтиже аз. Өйткені статистикалық көрсеткіштер шынайы өмірмен барлық уақытта сәйкес келе бермейді.

Ерекше қажеттілігі бар адамдар үлесі әлемде 16 пайыз болса, Қазақстанда бұл 3%. Дамыған елдердің өзінде көрсеткіш 15-25 пайыз аралығында боп тұрған кезде, бұл әрине

көңілге күдік ұялататыны күмәнсіз. Мәселен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне қарағанда, 1 мамырдағы жағдай бойынша мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (МӘЖ) алушылар 533,4 мың. Жалпы аурудан мүгедектігі бойынша МӘЖ мөлшері 1-топ үшін 77 889, 2-топ үшін 62 068 теңге, 3-топ үшін 42190 теңгені құрайды. Ал еңбекке қабілеттігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері – 33 337 теңге. Мұндай жағдайдан кейін ерекше қажеттілігі бар адамдардың құқы, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы туралы айту өте қиын. Сондықтан сайлау науқаны кезінде олардың дауысын алу үшін саяси партиялар да, бір мандатты округтен сайланатын депутаттар да бір-бірімен бәсекелесуге қызығушылық таныта қоймайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## ӘЛЕМНІҢ ӘРБІР АЛТЫНШЫ ТҰРҒЫНЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР

БІР МҮДДЕ

ТУҒАН ТІЛ – МЕРЕЙІМ

## ҚЫЗМЕТТЕГІ ХАНЫМДАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Қоғам мен мемлекет тарапынан да әйелдердің іскерлік белсенділіктері мен саяси ықпалдастықтарына деген сенім жоғары деңгейде көрініс табууда.

Ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту елдің этикалық қана емес, сондай-ақ, экономикалық тұрғыда тиімді әрі тұрақты дамуының маңызды факторы.

Еліміздің жаһандық саясатта шеберлік танытып, халық пен ел абыройын еселеуде жеңіске жетіп, үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін дөңгеленген дүниенің барлық сырынан хабардар мемлекеттер жақсы біледі. Сондықтан да әлем елдерінің алдындағы оң саяси имиджімізді бұдан да мықтырақ ету үшін демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек.

Мемлекеттік гендерлік саясат базалық гендерлік заңдарға және Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады. Онда әйелдерге қатысты кемсудің барлық нысандарын жою туралы әлемдік конвенцияның қағидаларына сай Қазақстан үшін гендерлік индикаторлар анықталған.

Біздің ел гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында айтарлықтай қадамдар жасады, себебі, гендерлік саясат – бұл ең алдымен мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды құрамдас бөлігі.

Қазақстан адам құқықтары бойынша 60-тан аса халықаралық шарттарға қосылды. 2000 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы конвенцияға сіл-

теме жасай отырып, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюмен күрестің халықаралық күнін жариялады. Басым міндеттердің бірі әйелдерге қатысты күш көрсету жағдайларын төмендету бойынша жұмыс.

Қазақстанның қазіргі заманғы гендерлік саясаты қоғамды әлеуметтік жаңғыртуға бағытталған. Ең алдымен, бұл әйелдер әлеуетін мақсатты дамытуға, еңбек қызметінде, бизнесте, саясатта, мемлекеттік басқаруда ерлер мен әйелдер үшін тең жағдайлар жасауға, әйелдердің сапалы білім алуы мен денсаулық сақтауына тең қолжеткізуді қалыптастыруға, сондай-ақ, ананы жан-жақты қорғауға қатысты.

Президент жанында әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия жұмыс істейді. Оның негізгі міндеттерінің бірі отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне, Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы мәселелері бойынша халықаралық шарттарға қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру. Оған мұқтаж отбасылар үшін әсіресе, әлеуметтік қатер топтарына жататын атаулы және тиімді көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету, осының барлығы гендерлік саясат қағидаттарымен тығыз байланысты.

**Зульфия КАБДУЛИНА,**  
Ақтөбе қаласының  
мамандандырылған тергеу  
соты әкімшісінің басшысы

ӘДІЛЕТ

## БІЛІКТІ ЗАҢ КӨМЕГІН АЛУҒА ӘР АЗАМАТ ҚҰҚЫЛЫ

ҚР Конституциясының 13-бабы 3-тармағына сәйкес әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Заң көмегін алу қажеттілігі үнемі және барлық жерде туындайды. Осыған байланысты 2018 жылы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» жаңа заң қабылданды; Оның негізгі бағыттарының бірі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ, білікті заң көмегін алуға байланысты институттарды жетілдіру. Заңның ережелері, ең алдымен, заң қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ, осы нарықта бәсекелестік құруға бағытталған.

Халықтың адвокаттық көмекке деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында мамандыққа кіру жеңілдетілді. Осылайша, адвокаттар санын көбейту мақсатында заңда адвокаттар алқасына кіру жарналарына тыйым салу көзделген. Бұл ретте нысаналы және мүшелік жарналарды жинау мүмкіндігі сақталады. Сонымен қатар, әділ баға белгілеу үшін заңда көрсетілген заң көмегі үшін тарифтік торды бекіту туралы талап белгіленді, бұл істің күрделілігіне байланысты заң көмегі үшін төлем сомасын саралауға мүмкіндік береді. Тарифтік тор заң талаптарына сәйкес палаталар мен адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында еркін қолжетімділікте орналастырылады.

Бұдан басқа, заңмен мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар адамдар тобы кеңейтілді. Мұндай көмек бүгінгі күні азаматтардың мынадай санаттарына республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттың қызметі тегін көрсетіледі:

1) алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмекке толмағандарға;

2) жыныстық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не осы мәртебеге немесе жағдайға байланысты олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша азаптауға ұшырағандарға;

3) асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

4) жеке тұлғаларға жұмысқа байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар болып табылатын жеке тұлғаларға, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға, сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдар ардагерлеріне, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектері бар адамдарға, жасына байланысты зейнеткерлерге, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес мәселелер бойынша;

6) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көп балалы отбасыларға;

7) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен бір айда жан басына шаққандағы орташа табысы бар аз қамтылған адамдарға (отбасыларға).

2022 жылғы тамыздан мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесіне заң консультанттары да кіреді, олар өтеусіз негізде құқықтық кеңес беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсеті алады және азаматтық сот ісін жүргізуге қатыса алады.



**Динара САРСЕБЕКОВА,**  
Қостанай облысы Әділет  
департаменті басшысының  
орынбасары,  
Әдеп жөніндегі үкіл

Бүгінгі таңда 130 адвокат пен заң консультанттары облыс бойынша тегін заң көмегін көрсетеді, олардың тізімімен Қостанай облысы Әділет департаментінің ресми сайтында танысуға болады.

Заң саласында цифрлық технологияларды енгізу мемлекет кепілдік берген заң көмегі бойынша адвокатты тағайындау уақытын қысқартуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, заң көмегін көрсету бойынша қабылданған тапсырма шеңберінде адвокат немесе заң консультанты қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды жинау процесін жеделдету үшін «Е-Заң көмек» АЖ Әділет министрлігінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялауды іске асырады. Атап айтқанда, бүгінгі күні адвокат жылжымайтын мүліктің құқықтық кадастрынан, АХАЖ ақпараттық жүйелерінен және заңды тұлғалардан мәліметтер ала алады. Адвокат сұраған ақпаратты беру уақыты екі-бес минутты құрайды, ал қағаз жеткізгіштегі адвокаттың сұрау арқылы ақпарат алу уақыты он жұмыс күнін құрайды.

Заң қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту жөніндегі жұмыс әділет органдарының құқықтық мемлекет құрудағы басым міндеті.



**Ринат ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,**  
Алакөл аудандық  
№ 2 сотының төрағасы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп Конституцияның 7-бабы, 1-тармағында анық жазылған. Сондықтан мемлекеттік тілде таза сөйлеп, сауатты жазу, толық түсіну Ата Заңды құрметтеу, ана тілімізді сыйлау және функционалдық міндетімізді талапқа сай атқару, азаматтық парызымызды адал өтеу болып табылады.

Осы заңнама талабын мемлекеттің, елдің алдында сапалы атқарып, оны күнделікті жұмысымызда көрсетіп те жұмыс істейміз. Сөзімізді статистикалық мәліметтер толық растайды. Негізінен біз еңбек ететін ауданда жергілікті ұлт өкілдері де жоқ емес. Бірақ заңның аты заң. Талап толық орындалуы міндет. Сотқа талап арыз берушілер мен жауапкерлер сот процесін мемлекеттік тілде де, орыс тілінде де өткізуге құқылы. Талап арыз беру, жауап беру

## НАҚТЫЛЫҚ БІЗДІҢ КӘСІБІМІЗГЕ ТӘН ҚАСИЕТ

жүзіндегі шектелмеген. Қажетінше аудармашы қызметін пайдалануға да жол ашық. Бұл тәртіп пен талапты судьяларымыз да, сот хатшылары да, жалпы аудандық сот қызметкерлері толық орындайды. Оған білімі мен жұмыс тәжірибелері жеткілікті. Сондықтан заңға сәйкес қызмет көрсете отырып, заңнама талабын бұзбай толық орындаудамыз. Аудандық сот шешімдері мен үкімдерінің заңда көрсетілген уақытта заңды күшіне енуі соның бір дәлелі болып саналады.

«Бұлақ басынан тұнады» деп бекер айтпаған. Ешқандай дабырасыз, талапсыз-ақ Жетісу облыстық сотында жиналыс, семинар-кеңестер мемлекеттік тілге өтуде. Бұл тілге деген құрметті көрсетеді. Жалпы, судьялармен қатар мамандардың да іс қағаздарын мемлекеттік тілде қатесіз, сауатты жазуын талап етіп, пысықтап отыруды әдетке айналдырдым. Бұл тұрғыда жетістіктеріміз күнделікті жұмысымыздан анық көрінеді.

Сөз реті келгенде сотқа талап арыз түсірушілерден сұрайтыным, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейткіз келсе, талап арызды қазақ тілінде таза әрі сауатты жазуға үйренген дұрыс. Себебі, талап арыз аралас тілде жазылғанда мәтіннің мағынасы түсініксіз болып отырғанын ұғу қиын. Сауаттылық тілді шұбарламай

таза сөйлеуден басталады. Ауыз екі тілде айтылған сөз қағазға түскенде өзгеретіні мәлім. Грамматикалық қателік жібермеу үшін сөздің дұрыстығын тексеріп, білетін адамдардан сұраудың әбестігі жоқ. Бұл ретте қазақ әліппесінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын қайталап оқудан жамалықпаймын. Оқыған сайын адам санасы жаңғыра түседі. Пайдасын қызмет бабында көресіз. Сөйлем, сөз, әріп қатесі айқын көрініп тұрады.

Негізі Жетісу облысы қазақы өңір болғандықтан, талап арыздың 90-95 пайызы қазақ тілінде түседі. Бірақ грамматикалық қате өріп жүреді. Бізге осы бағытта түсіндіру, сауатты көтеру бойынша жұмыс жүргізу керек. Осы мәселені әуелгі кезекте әріптестеріміз, сосын тұрғылықты халықтың қаперіне салғым келеді.

Біздің Жетісу облысы Алакөл ауданының №2 сотының ұжымы республикалық «Заң газетінің» тұрақты оқырманы. Қызметкерлеріміз осы басылымға жазылумен шектелмей, газет мақалаларын оқып, сот жүйесі жаңалықтарын осы газет арқылы біліп отырады. Мемлекеттік тіл туралы сөз қозғалғанда әріптестеріме айтарым нақтылық біздің кәсібімізге тән қасиет. Сондықтан нақты ісіңізді көрсетіп, сосын әңгіме, сұхбат жүргізсеңіз жарасымды болады.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САВАТ

## КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЛЫҚ ДАУЛАРЫ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 106-бабының 1,3-тармақшаларына сай әкімшілік істер әкімшілік актінің шығарылған орны бойынша немесе жауапкердің орналасқан жері бойынша қаралады. Электрондық құжат нысанында шығарылған әкімшілік акт талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша қаралады. 2023 жылдың 1 тоқсанында Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен аталған санаттағы әкімшілік істер соттылығы бойынша басқа соттарға жолданбаған.

Салық кодексінің 94-бабына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ, салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады.

Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі. Салық органдарында тіркеу есебіне қою және осы кодекстің 96-бабына сәйкес салықтық есептілікті ұсыну немесе салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеу арқылы салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған құқық бұзушылықтарды салық төлеушіге дербес жою құқығын беру камералдық бақылаудың мақсаты.

Салық кодексінің 95-бабымен камералдық бақылауды жүргізу тәртібі мен мерзімдері қарастырылған. Ал 96-бабына сай камералдық бақылау нәтижелері бойынша құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда тәуекел дәрежесі жоғары және орташа құқық бұзушылықтар бойынша – анықталғандарының сипаттамалары қоса беріле отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарлама ресімделеді. Төменгі деңгей бойынша – камералдық бақылау нәтижелерімен анықталған құқық бұзушылықтар туралы хабар-хат ресімделеді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған мәселелер туралы хабар-хат салық төлеушіге салықтық есептілікте құқықбұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мәлімет үшін жіберіледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған жағдайларды жою туралы хабарламаны орындауды са-

лық төлеуші (салық агенті) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмады деп танылған кезде салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орынданмады деп тану туралы шешім шығарады және оны салық төлеушіге мынадай тәсілдерінің бірімен жібереді: 1) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы; 2) электрондық тәсілмен веб-қосымшаға немесе пайдаланушының «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинетіне жібереді; 3) оны салық төлеушіге қолын қойдыра отырып табыс етеді.

Осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім табыс етілген (алынған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушінің (салық агентінің) оған жоғары тұрған салық органына және уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауына болады. Мысалы, М. деген азаматша камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орынданмады деп тану туралы шешімді заңсыз деп тану туралы әкімшілік талап арыз берген.

Іс бойынша салық органы камералдық бақылау жүргізу барысында жылжымалы мүлікті меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт Қазақстан аумағында меншік құқығында болған пәтерді сату кезінде құн өсімінен түсетін кіріс туындағанын анықтаған. Арызданушы камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқықбұзушылықтарды жою туралы хабарламаға Салық кодексінің 96-бабына сай түсініктеме ұсынған. Салық органдары жолданған түсініктеменің заңдылықтың сақталуына ғана баға беруге міндетті.

Соттың шешімімен талап қою арызы қанағаттандырылған, сот арызданушымен заңдылықты сақтап уақытылы түсініктеме ұсынғандығына назар аударды.

**М. ШАРИПОВА,**  
Ақтөбе облысының  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының судьясы

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

# «МЕН СІЗДЕРМЕН БІРГЕМІН!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл арада жергілікті атқамінерлер мен осы салаға жауапты тұлғалардың халықпен үндестікте жұмыс істемегені, қауіптің салмағын сезінбегені анық байқалады. Мұндай салғырттықтың соңы 14 маманның мезгілсіз өліміне себеп болды. Одан бөлек, бес күнге созылған өрттен орманның қаншама бөлігі жарамсыз болып қалды?! Мамыражай тірлік кешіп жатқан қаншама халық түтінге тұншығып үйінде отыр. Өрт қауіпі төнген кейбір ауылдың тұрғындары апат аймағынан көшірілуде.

Төтенше жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Абай облысына арнайы барды. Ал әкімдік не істеген дейсіз ғой? Білекті түріп тастап тілсіз жаудың ортасында жұрмесе де, әкімнің осы тұста өрт сөндірушілерге қолдау көрсетіп, жұмысын алаңсыз істеуіне барлық жағдайды жасауы тиіс еді. Жаңа облыстың атқамінерлері болса, Президент жүретін жолды жамап, мәртебелі қонақтың қырына ілінбеудің қамын ойлаған. Осының өзі біздегі әкім-қаралар жұмысының өтірікке, жалған дерекке құрылатынын көрсетеді.

Әйтпесе, жас болса да Экология және табиғи ресурстар министрлігі тізгіні сеніп тапсырылған Зүл-

фия Сүлейменова жарты ай бұрын Шығыс Қазақстан облысындағы ауқымды өрт-тактикалық оқу-жаттығуына қатысқан болатын. Семейдің іргесінде болған бұл жаттығуда Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ержан Нұрбаев бастаған шенеуніктер өңірдің төтенше жағдайға сақадай-сай екенін дәлелдеп баққан. Барлығы 51 қызметтік техникасы мен «МИ-8» тікұшағын көрсетіп, жаттығуда жанын салған төтеншеліктер жас министрдің көңіліне титтей күдік ұялатпаған еді. Ал күні кеше Президент-

пен кездескен жәбірленушілер Абай облысындағы төтенше жағдайларға өрт сөндірушілер жеке көлігімен баратынын, қызметтік техниканың басым бөлігі жарамсыз екенін жайып салды. Көзбояушылық деген осы. Сүлейменованың алдында олай-бұлай ойқастатқан қызметтік техниканың да қаншасы техникалық талапқа сай екені белгісіз. Егер министрге есеп бергендей мықты болса, Семейге ең бірінші болып көмек қолын созуы тиіс осы шығысқазақстандық төтеншеліктер емес пе еді?!

## ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТУ – ҚЫЛМЫС

Семейдегі төтенше жағдай кезінде қаңқу сөз, елді үрейлендіретін ақпараттар да тыйылмай тұр. Соның ішінде WhatsApp мессенджеріндегі «өрт Шүлбі су электр станциясына қауіп төндірді» деген ақпарат жұртты дүрліктіргені рас. Алайда, Абай облысы әкімдігі бұл жаңалықтың шындыққа жанаспайтынын мәлімдеді.

«Бұл жалған ақпарат. Қазіргі уақытта Шүлбі ГЭС-іне қауіп төніп тұрған жоқ. Жағдай құзырлы органдардың бақылауында», – делінген әкімдік мәліметінде.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, жалған ақпарат таратқан азаматтар бас бостандығынан айыруға дейін жауапкершілікке тартылатынын білгені жөн. Мұндай кезде тексерілмеген дерекке көңіл аудармай, тек ресми ақпаратқа сенген абзал.

## КЕЗДЕСУ

### ОДАҚ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ МАҢЫЗДЫ



ҚР Судьялар одағының төрағасы С.Абдолла Батыс Қазақстан облысының судьялар корпусымен кездесу өткізді.

Іс шараға облыстық соттың төрағасы Р.Мырзақәрім, Судьялар одағының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының төрағасы Р.Жұмағұлов және судьялар этикасы жөніндегі комиссияның төрағасы А.Бижанов, филиал мүшелері Л.Ұстағалиева мен Н.Ділдабеков қатысты.

Кездесу аясында С.Абдолла судьялардың VIII съезінің қаулысын іске асыру бойынша Судьялар одағы атқарған жұмыс туралы сөз қозғап, келешекте жүзеге асырылатын жоспарлармен бөлісті. Судья әдеби кодексінің жобасын, филиал жұмысында туындайтын өзекті мәселелерді, Судьялар одағының жұмысын жетілдіру және оның өңірлердегі филиалдарының қызметін жандандыру жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспарын талқылау басты назарға алынды.

Шарада судьялардың өзін-өзі басқаруын дамыту жөніндегі ұстаным, соттардың жұмысын жақсарту және тәуелсіздігін нығайту, судьялардың мәртебесін арттыру, олардың әлеуметтік қорғалуы жөніндегі одақтың ұсыныстары тыңдалды. Сондай-ақ, судьялар одағының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының төрағасы Р.Жұмағұлов өткен кезеңде атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары жөнінде есеп берді.

А.ӘСЕНҒАЗЫ  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## СЕМИНАР

Ақмола облысы Щучинск қаласында судьялар жер мәселелерін талқылау бойынша өңірлік семинар өткізді. Семинар Ақмола облыстық соты және Герман қоғамының халықаралық ынтымақтастық жөніндегі өңірлік бағдарламасымен (GIZ) ұйымдастырылды.

«Жер дауларын шешу кезінде ӘРПК қолданудың өзекті мәселелері» тақырыбында өткен шараға Әзірбайжан мен Қазақстан Жоғарғы Сотының, Астана қаласы, Ақмола, СҚО, Қостанай, Павлодар облыстары сотының судьялары және «Орталық Азиядағы құқықтық мемлекеттілікке жәрдемдесу» Герман қоғамының халықаралық ынтымақтастық жөніндегі өңірлік бағдарламасының (GIZ) халықаралық сарапшылары қатысты.

Семинарға қатысушыларды Ақмола облыстық сотының төрағасы Арман Жүкенов, ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Сембек Баймаханов, Қазақстандағы GIZ өкілдігінің басшысы, Берлин қаласы әкімшілік сотының судьясы, құқық докторы Йорг Пудель-



ка, Қазақстандағы GIZ құқықтық жобасының үйлестірушісі, заң ғылымдарының кандидаты Алмат Ғаббасов, Әзірбайжан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Саяд Каримов құттықтап, баяндама жасады.

Екі күндік семинар жұмысына судьялар белсенді қатысты. Арман Жүкенов семинар жер заңнамасына түзетулер енгізу қарсаңында өткізіліп жатқанын атап өтті. «Ақмола облысында әрбір бесінші әкімшілік істе жерге қатысты талап қоюдың 57%-ы қанағаттандырылды. Бірыңғай

сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында сындарлы диалог пен семинарға қатысушылардың бірлескен жұмысының нәтижесінде судьяларға арналған ұсынымдар әзірленбек» – деп атап өтті А.Жүкенов.

Қазақстандағы GIZ өкілдігінің басшысы, Берлин қаласының әкімшілік сотының судьясы Йорг Пуделька Германияның құрылыс және жер заңнамасы бойынша мәжбүрлеу туралы талап қоюды қарау әдістемесімен бөлісті. Жер заңнамасын қолданудағы сот тәжірибесі туралы ҚР Жоғарғы

жат жинауды ұйымдастырып жатыр. Бұл сауапты жұмыстан этномәдени бірлестіктер де шет қалмады. ҚХА төрағасының орынбасары Марат Әзілхановтың айтуынша, «Ассамблея жастары» РҚБ еріктілері өртті тоқтатуға тартылған қызметкерлерге су және басқа да көмек жеткізген.

Бүгінде өрт шарпыған аймақ 150 мың гектар жерді құрайды. Мұндағы табиғи байлықты қалпына келтіру үшін енді 30-40 жыл кетері анық. Бұл факті бойынша қазір қылмыстық іс қозғалған. Сонымен бірге, талайдан бері сын садағына ілінсе де жылы орнынан қозғалмай келе жатқан Юрий Ильин осы жолы министр лауазымынан босатылды. Сын сағатта министрлік тізгіні Сырым Шәріпхановқа тапсырылды. 56 жастағы Сырым Дүйсенғазылы Алматы қаласының тумасы. Білім десең білімі, атақ десең атағы бар. Осы жасына дейін техника ғылымы бойынша докторлығын да қорғап, генерал-майор шенін де алып үлгерген. Әр жылдары Көкшетау техникалық институтының бастығы, Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының бастығы қызметін атқарған Шәріпханов теорияға ғана емес, тәжірибеге де қанық сияқты. Өйткені, ол біраз уақыт Жамбыл облыстық төтенше жағдайлар басқармасының Дайындық және оқыту орталығының бастығы, Алматы қаласындағы Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы қызметін атқарған. Әзірге қалың жұртқа белгілісі осы. Оқу бітіргеннен «бастық» болып келе жатқанына қарағанда Сырым Дүйсенғазыұлының білімі мен кәсіби шеберлігі қатарынан озық болар деп сенеміз.

Ал енді Абай облысының әкімі мен Экология министрі әзірге тек сөгіспен шектелді. Одан қандай нәтиже шығатынын алдағы уақыт көрсетер.

А.САТЫБАЛДЫ,  
«Заң газеті»

## БІРЫҢҒАЙ ТӘЖІРИБЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МІНДЕТ

Сотының судьясы Шолпан Даниярова сөз сөйледі. Әзірбайжан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Саяд Каримов өз еліндегі жер дауларын қарау кезінде әкімшілік құқық қағидаттарын қалай қолданатынын жөнінде айтты.

Еліміздің бес өңірінің судьялары объектілерді салу кезінде жер пайдаланушылар құқығын бұзғаны үшін мемлекеттің жауапкершілігі, ӘРПК шеңберінде жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау нәтижесіне дау айту, жер учаскесіне құқықты тоқтату кезінде сенім құқығын қорғау қағидатын сақтау, ӘРПК-нің қағидатын қолдану және жер дауын қарауда туындайтын басқа да мәселелерді талқылады.

Семинарды қорытындылай келе, қатысушылар кездесу пайдалы болғанын және талқылау құқық қолдану тәжірибесінің сапасына оң әсер ететінін атап өтті. Талқыланған мәселе бойынша ұсыныстар Жоғарғы Сотқа жолданады.

Ақмола облыстық  
сотының  
баспасөз қызметі

## АУЫЛҒА – ИНТЕРНЕТ

### ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Шығыс Қазақстан облысында Aitas Foundation қорының бастамасымен «Қазақстанның ауылдық аймақтарында интернет» пилоттық жобасы іске қосылды. Мақсат – Шемонаиха мен Қатонқарағай аудандарында жаңа талшықты оптикалық байланыс желісі инфрақұрылымын құрып, тұрғындарды нарықтағы бағадан төмен және ең кемінде жылдамдығы секундына 15 Мбит болатын интернетпен қамтамасыз ету.

– Aitas Foundation былтыр білім беру жобаларын жүзеге асыру барысында республикамыз бойынша ауылдардағы интернет нашарлығы немесе оның тіпті болмауына байланысты қиындықтарға тап болды. Алғашында жобаға 5 мектеп қатысқандықтан мәселенің өзектілігі байқалмады, алайда мектеп саны өскен сайын интернет тапшылығы жұмысты тежей түсті. Соның нәтижесінде

Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай және Шемонаиха аудандарында «Ауылдық аймақтардағы интернет» пилоттық жобасы жасалды. Сол кезде ФастЛайн компаниясы өз қызметтерін ұсынып, жобаға коммерциялық негізде кірді. Бүгінде Шемонаиха ауданындағы 3 елді мекенді қамтитын жобаны бастап отырымыз, – дейді жоба жетекшісі Ен Сан Ли. Оның айтуынша, қор бұған дейінгі

жобаларды жүзеге асыру барысында интернетке қолжетімділік ауыл халқының өмір сапасы мектептегі білім сапасына тікелей әсер ететініне көз жеткізді. Сондықтан енді «Қазақстанның ауылдық аймақтарында интернет» пилоттық жобасы бойынша Катонқарағай мен Шемонаиха аудандарына қарасты ауылдардың үйлері мен мекемелерін интернетке қосу жұмысы басталды. Ол үшін әуелден қолда бар Транстелеком желілерімен GPON технологиясы арқылы жаңа талшықты оптикалық байланыс желісі магистральдары салынбақ. Жоба ең бірінші боп сейсенбі күні Шемонаиха қаласында іске қосылды. Жалпы Aitas Foundation – агроөнеркәсіп саласындағы AITAS холдингінің корпоративтік қоры. Оның құрамына «Ауылдық аймақтарды тұрақты дамыту қоры», «Білім беруді тұрақты дамыту қоры» және «Аймақтық зерттеулер орталығы» кіреді.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

БАЗЫНА

«Өмірге қатысты реформаны заң реформасынан бастау керек» деген екен француздың белгілі әдебиетшісі Адриан Гельвеций. Бұл қоғамдағы кез келген өзгерістің күретамамы заң екенін аңғартса керек. Дамыған мемлекеттердегі оң өзгерістің негізгі формуласы да осыған ұқсас. Біз үлгі ететін өркениетті елдердің көпшілігі замана көшіне сауатты заң мен сапалы қызметтің арқасында жеткен. Қазақстанның сот жүйесі елдегі жалпы жағдаймен қатар өзгеріп келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері сот жүйесі ескі кеңестік сарқыншақтардан арылды, қолданысқа жаңа институттар енгізілді, жаңа заңдар қабылданып, судьялар қор-

нығайтуды, қоғамның соттарға деген сенімін арттыруды, сот төрелігін іске асыруға жаңа кәсіби кадрларды тартуды ынталандыруды, сот процесінің ыңғайлылығы мен тиімділігін көтеруді қамтамасыз етуі тиіс», – деген Президент сөзі сот жүйесіндегі негізгі бастамаларды ары қарай жалғастырып, саланың жандануына жол ашты. Саладағы реформаның сәтті болуы IT қызметін қолданудағы белсенділікке байланысты. Электрондық қызмет сот пен судья жұмысына төңкеріс жасады. Судьяларға істердің компьютер арқылы бөлінуі, сот ісін дыбыс-бейнежазу құрылғылары арқылы жүргізу, куәларды қашықтан тыңдау-



Р.АЛДАМБЕРГЕНОВ, Сырдария аудандық сотының төрағасы

«СОТ РЕФОРМАСЫ - БҰЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ КРИТЕРИЙІ»

пұсының тиімді қызмет етуі үшін тәуелсіз сот жүйесінің қағидатына негізделген база қалыптасты. Отандық соттың өткені мен бүгінгі таразылағанда бұған көз жеткізу қиын емес. Бұл саладағы әрбір жаңа бастама, жаңа реформаның қоғам үшін өзектілігі зор. Мәселенің түп-тамырына үңілген ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында заң мен тәртіпті қамтамасыз етудің негізі ретінде заң ұстамдылығы мен сапалы сот төрелігін атады. «Сот реформасы – бұл құқықтық мемлекеттің маңызды критерийі, инвестициялық тартымдылықтың негізі, жекеменшік құқығын қорғауды қамтамасыз ету. Сот жүйесін реформалаудың жаңа сәтіндері судьялардың тәуелсіздігін одан әрі

дың мүмкіндігі – жаңа технология жетістігінің бір бөлшегі ғана. Электронды сервистер сот ісін жүргізуді едәуір жеделдетіп, сот жүйесінің ашықтығын арттырды. Сондай-ақ, азаматтар шығынын азайта отырып, сот процесіне жылдам қол жеткізуге септігін тигізді. Бұл жаңашылдықтың тағы бір тоқталатын ерекшелігі – IT технологиясы сот пен тараптар арасындағы тікелей байланысқа жол бермейді. Азаматтар құжатын «Сот кабинеті арқылы жолдап, өзін қызықтырған сауалдарға осы мобильді қосымшаның көмегімен жауап алатындықтан жең ұшынан жалғасудың, сыбайлас жемқорлықтың жолы кесілді. Осылайша жаңа технология жемқорлық сияқты жегіқұрттың себебімен емес, салдарымен күресіп, кемшілікті жоюға

ықпал етті. Сот жүйесіндегі IT қызметтердің мақсаты – азаматтар мен соттар арасында тиімді коммуникация құру, іс жүргізу кезінде туындайтын қиындықтарды болдырмау, қоғам тарапынан соттарға деген сенімді арттыру. IT технологияларды пайдалану сот ісін жүргізудің әдеттегі процесіне жұмсалатын уақытты едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Сот жүйесіндегі реформалар процестердің ашық болып, судья жұктемесін реттеуге негіз қалады. Әсіресе, экзамақтық соттылықтың тәжірибеге енгізілуі бұл мәселеге түбегейлі нүкте қойып, қала, облыс пен аудандық соттағы судьялардың деңгейлес жүктемемен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді деп сенеміз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап республика аумағында әкімшілік соттар жұмысын бастады. Әкімшілік соттарда іс жүргізу тәртібі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен (ӘРПК) реттеледі. Кодекс талаптарына сәйкес әкімшілік сотқа түскен талап қоюлар ауызша немесе жазбаша сот талқылауында ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қаралуы тиіс. Ауызша сот талқылауында іс тараптардың қатысуымен сот отырысында жүргізілсе, жазбаша талқылау тараптардың қатысуынсыз ауызша талқылаусыз жүргізіледі. Яғни, әкімшілік іс жазбаша талқылау тәртібімен қаралған кезде сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылдайды. Алайда сот, істі дұрыс шешу үшін қажет деп тапса, өз қалауы бойынша ауызша талқылауға көшуге құқылы. Сонымен қатар, сот шешімі қабылдағанға дейін тараптар бұрын берген келісімін қайтарып алу туралы өтінішхат сотқа берсе, онда сот ауызша талқылауға көшуге міндетті. Кодекстің 148-бабына сәйкес, әкімшілік істі жазбаша талқылауда қарау үшін міндетті түрде тараптар келісімі қажет. Келісім тараптардан сот талқылауына дайындық барысында алынады. Жазбаша талқылауды

сот Азаматтық процестік кодексте (АПК) белгіленген дәлелдемелерді зерттеу, дәлелдеу нысанасы мен шектерде жазбаша іс жүргізудің сипатын және ӘРПК-те белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізеді. Жазбаша талқылау кезінде сот әкімшілік істі тез шешу үшін қажет деп тапса, ауызша талқылау үшін көзделген дәлелдемелерді жинау (ұсыну) және зерттеу үшін АПК-де белгіленген қағидаларды сақтаудан ауытқуға құқылы. Сот жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындауы мүмкін. Ауызша сот талқылауында қажетті жеке процестік әрекеттер жасалғаннан кейін немесе процестік мәселені шешкеннен кейін сот жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асырады. Бұл туралы қосымша ұйғарым шығарылмайды. Жазбаша талқылау тәртібімен қаралған әкімшілік іс бойынша шешім ӘРПК-нің 24-тарауында белгіленген және жазбаша іс жүргізу мәніне сәйкес келетін қағидалар ескеріле отырып қабылданады және оған апелляциялық, кассациялық тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ж.ДЕРБИСАЛИЕВА, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ҚАМҚОРЛЫҚ

ЕГДЕ ЖАСТАҒЫЛАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бар саналы ғұмырын еңбекке арнап, тер төккен аға буын өкілдерінің зейнет демалысына шыққаннан кейін өздерін елеусіз, ескерусіз қалғандай сезінетіні рас. Осы орайда Батыс Қазақстан облысында бұл мәселе оң шешімін тауып, Орал және Ақсай қалаларында зейнеткерлерге арналған «Белсенді ұзақ өмір» орталықтары жұмыс істеуде. – Аталған орталықтар аға буын азаматтарын қоғамның мәдени өміріне тарта отырып, оларды қолдау, дене шынықтыру мен спортқа, қызықты сабақтарға және ерікті қызметке тартуда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде зейнеткер жасына келген азаматтарға қызмет көрсету мақсатын көздейді, – дейді БҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Д.Исқақова. Ділдәш Салауатқызының айтуынша, 2022 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ашылған Ақсай қаласындағы орталыққа тұрақты түрде келетін 86 адамға психолог, дәрігер, спорттық жаттықтырушы, заңгер, қазақ және ағылшын тілінің мұғалімдері қызмет көрсетеді. Домбыра және қолөнер үйірмелері ашылған. Алғашқы



жартыжылдықта 366 қызмет түрі көрсетілген. Ал биылғы сәуір айында Орал қаласында да дәл осындай орталық есігін айқара ашты. Мемлекеттік тапсырысты жеңіп алған «Алматы жас дәрігерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі орташа жас мөлшері 65 жасты құрайтын 45 тұрақты қатысушы үшін скандинавиялық серуендеу, йога сабақтары, дойбы, шахмат, тоғызқұма-

лақ ойындары, семинарлар мен тренингтер, компьютерлік сауаттылық, психолог пен заңгер кеңесі, сурет салу және кескіндеу, шығармашылық шеберлік курстары, емдік дене шынықтыру, мәдени және ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылды. Мамыр айының өзінде орталық мүшелеріне 2400 қызмет түрі көрсетілген. Аталған орталықтардың «AMANAT» партиясының «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасындағы Жол картасының 82-тармағындағы «Әрбір өңірде аға буын адамдарының өмір сүру сапасын, дербестігін арттыру және денсаулығын нығайту» бөлімін жүзеге асыру жолында ашылғанын айта кеткен жөн. Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

ОҚ ЖАРАСЫ БІТЕР, СӨЗ ЖАРАСЫ БІТПЕС

Ақпараттық заманда сөздің басты қаруға айналғаны рас. Сөз арқылы жанды жаралау да, қаралау да оңай болып кетті. Сөздің құдіретін түсінгеннен болар бабаларымыз «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес», «Ауыр істің салмағы білекке түсер, ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» деп тегін айтпаса керек. Бірақ, өткеннің өнегесі тұрмақ, бүгінгінің заңына кейде құлақ аспайтын-дар баршылық.

Мынәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі»; 6) тармақшада «айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес»; 8) тармақшада «адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады» деп анық дәйектелген. Сот барысында судья Ата Зандағы осы бапты назарға алады. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады. Қылмыстық процестік кодексте, сондай-ақ, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында да кінәсіздік презумпциясына айқын анықтама берілген. Еліміздің негізгі құқықтық құжаты мен халықаралық декларацияда жазылғандай «қылмыс жасады деп айыпталған адамның кінәсі заңда белгіленген тәртіппен дәлелденгенге дейін кінәсіз деп танылады. Сондай-ақ, соттың заңды күшіне енген үкімі шыққанға дейін азамат кінәсіз деп саналады».

Осы бір заңдылықты сақтау – құқықтық мемлекеттегі басты қағидаға айналуы тиіс. Соған орай айыпталып отырған адам «Кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес. Кінәлі екенін прокуратура дәлелдеуі қажет», «Сот үкім шығарарда болжамға емес, тек дәлелге сүйенуге тиіс» деген нақтылық бар. Кінәсіздік презумпциясы – қылмыстық іс жүргізудегі демократиялық принциптің бірі. Оның маңызы қоғамға түсіндіру күн тәртібінен түспеуі керек. Өйткені, халық бірінші жарияланған ақпаратқа сенеді, соны шындық деп қабылдайды. Осылайша негізгі жағдай жарияланғанға дейін халық жалған ақпараттың жетегіне кетеді. Оқиғаны бақылауына алып, ақ пен қараның ара жігін ажыратуға халық көңіл бөлмейтіндіктен, ауыздан шыққан әрбір сөзге, қағазға түскен әрбір қолтаңбаға жауап беретінімізді ұмытпайық.

Жалпы, кінәсіздік презумпциясы қағидатының құқықтық негізі еліміздің бас құжаты – Конституцияның 77-бабы 3-бөлігінде нақты көрсетілген. Осы бөлімнің 1) тармақшасында «адамның

С.БАЙБОЛОВ, Жетісу аудандық №2 соты әкімшілігінің төрағасы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ИГІ ІС

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА БЕРІЛГЕН ЖАҢА МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысы өткен аптада «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» заңға қол қойды. Ерекше қажеттілігі бар адамдарға ғана емес, қоғамның өзге де мүшелері үшін ерекше маңызы бар бұл заңның жобасын Парламент Мәжілісінің қарауына енгізу туралы Үкімет қаулысы 2021 жылдың 24 тамызында шыққан болатын. Жалпы ҚР Президенті «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қою туралы» Жарлыққа 2008 жылғы 11 желтоқсанда қол қойған. Онда БҰҰ Бас Ассамблеясы 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында қабылдаған «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға Қазақстан атынан қол қоюға өкілеттік Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілі Бірғаным Әйтимоваға берілген болатын. Конвенцияның мақсаты барша мүгедектердің барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең дәрежеде іске асыруын көтермелеуден, қорғаудан және қамтамасыз етуден, сондай-ақ оларға тән қадір-қасиетті құрметтеуді қалыптастырудан тұрады. Заңда мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүруіне кедергі келтіретін мәселелер жан-жақты ескерілген. «Жалпы міндеттемелер» туралы 4-бап бойынша: Қатысушы мемлекеттер барша мүгедектердің барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын мүгедектік белгісі бойынша ешқандай да кемсітусіз толық жүзеге асыруын қамтамасыз етуге және көтермелеуге міндеттенеді. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер: конвенцияда танылатын құқықтарды іске асыру үшін барлық тиісті заңнамалық, әкімшілік және өзге де шараларды қабылдауға; мүгедектерге қатысты кемсітуші болып табылатын қолданылып жүрген заңдарды, қаулыларды, дәстүрлер мен ұстанымдарды өзгерту немесе жою үшін барлық тиісті, оның ішінде заңнамалық шешім қабылдауға; барлық стратегия мен бағдарламада мүгедектердің адам құқығының қорғалуы мен көтермеленуін ескеруге; конвенцияға сәйкес келмейтін кез келген іс-әрекеттен және әдістерден қалыс қалуға және мемлекеттік органдар мен мекемелердің конвенцияға сәйкес іс-қимыл жасауын қамтамасыз етуге тиіс екені бекітілген. Сонымен қатар мүгедектердің ұтқырлығын жеңілдететін құралдар, құрылғылар мен ассистивті технологиялар, сондай-ақ, көмектің басқа түрлері, қосалқы қызметтер және объектілер туралы қолжетімді ақпарат беруге; мүгедектермен жұмыс істейтін адамдарға осы Конвенцияда танылған құқықтарды оқытуды, кепілдік берілген көмек және қызмет көрсетуді жетілдіру міндеті жүктелді. Конвенцияны іске асыруға бағытталған заңнаманы және стратегияны әзірлеу әрі пайдалану кезінде және мүгедектерге қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың басқа процестері шеңберінде қатысушы мемлекеттер мүгедектермен, мүгедек балалармен тығыз консультация жасайды және олардың өкілді ұйымдары арқылы оларды белсенді түрде тартады. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» заңның қабылданыуы қоғамдағы мүгедектерге қатысты көзқарасты түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл ерекше қажеттілігі бар адамдардың әлеуетін тиімді пайдалануға және өз құқығының қорғалуын мемлекеттік органдарда ғана емес, халықаралық деңгейде де талап етуіне жол ашады. Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

## КЕСЕЛ

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нарсе бүкіл қоғамның белсене атсалудына байланысты. Индетпен күресте барлық адам заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқығы мен заңды мүддесін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зардабын жою, олардың алдын алу жалпыға ортақ міндет. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, құқық бұзушылықтарға жол бермеуге тиіс.

Бүгінгідей еліміз экономикалық жаңару мен саяси демократияның жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрған кезеңде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны ескерту жұмысын ұйымдастыру өзекті мәселенің бірі. «Болашақта ұрпағымыз қандай мемлекетте өмір сүреді?» деген әрбір Қазақстан азаматын ойландыруы тиіс. Жастар болашақта

Қазақстанды парақорлық, сыбайластық жайлаған мемлекет ретінде емес, гүлденген, ілгері жылжыған мемлекет ретінде көргісі келеді.

Сыбайластықтың артуына «алушы» ғана емес, «беруші де» кінәлі. Мемлекеттік қызметкерлер ұзын-сонар кезек тұғызып, жағдайды қолдан қиындату арқылы халықты шарасыз халге түсіреді. Жұмысшының жылдам, дер кезінде біткенін қалаған азаматтар ақыры жең ұшынан жалғасып пара беріп, мемлекеттік қызметкерлердің қылмыс жасауына ықпал етеді. Осыған орай мемлекеттік қызметкерлерді өз жұмысына тиянақты, жауапты қарап, жемқорлықтың алдын алуға тәрбиелеу маңызды. Тәрбие теріс әрекеттен сақтайды.

**Марат ОМАРБЕКОВ,**  
**Тараз қаласының**  
**мамандандырылған**  
**тергеу сотының аға сот**  
**пристава**

## ОҢ ҚАДАМ

2014 жылы сотқа қол жеткізу тетігін оңайлату және жеделдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ, азаматтардың ресми сайтта электрондық сот ісін жүргізуге қашықтан қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Жоғарғы Сот өзінің ресми сайтында «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисін іске қосты.

# «СОТ КАБИНЕТІ» СЕРВИСІН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР КӨП

Ол азаматтарға, олардың өкілі мен адвокатына сотқа талап арыз, апелляциялық және кассациялық шағым, қадағалау тәртібімен сот актісін қайта қарау туралы өтініш, электрондық түрде өтініш беруге, мемлекеттік бажды онлайн-режимде төлеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ сот құжаттарын, іс бойынша мәртебені және т. б. қарауға жол ашады.

«Сот кабинеті» – азаматтар мен сот арасын жалғайтын бірыңғай терезе. Сервистің артықшылығы мынада: өтініштер, шағымдар және басқа құжаттар сотқа тәуліктің кез келген уақытында компьютер, электрондық цифрлық қолтаңба және интернет арқылы берілуі мүмкін,

бұл ретте жөнелтуші сотты (адресатты), тараптарды, жөнелту күні мен уақытын көрсете отырып, құжатты электрондық түрде жіберу туралы талонды бірден алады. Сондай-ақ, сот процесіне қатысушы істі қараудың іс жүргізу мерзімдерінің сақталуын дербес бақылай алады және де ол барлық пайдаланушыға Қазақстан Республикасы сот жүйесінің жаңалықтарын хронологиялық ретпен қарауға мүмкіндік береді.

«Сот кабинетінде» авторландыру ЭЦҚ, ЖСН немесе БСН, пароль арқылы жүргізіледі. Занды тұлғаның өкілі өтініш берген кезде авторизация БСН арқылы жүзеге асырылады. Сотқа өтінішпен бірге берілетін құжаттар

мәтіндік форматқа сай болуы маңызды. Әрбір жеке құжат жеке файл ретінде жүктеліп, файлдар саны сотқа берілетін құжаттар санына сәйкес келуі тиіс. Жүктелген файл пішімі \*doc, \*docx, \*pdf, \*jpeg сәйкес келуі, максималды өлшемі 10 МВ-тан аспауы керек.

Осы сервистің соңғы жаңалықтарының бірі «Электрондық сенімхат» болып табылады, ол сенімхат беру рәсімін едәуір жеңілдетеді және азаматтарды нотариустарда сенімхатты ресімдеу міндетінен босатады. Осылайша, «Сот кабинетінің» пайдаланушылары сотқа тағайындалған, белгілі бір күн мен уақытқа, отырысқа немесе дайындық рәсіміне барады. Егер сот шалғай ауданда не-



**Ж.КОПБАЕВА,**  
Астана қаласы  
қылмыстық істер  
жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының  
жетекші маманы

месе басқа қалада болса, уақытын, жол жүру ақшасын үнемдейді.

Қазіргі уақытта «Сот кабинеті» сервисі сот органдарының электрондық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

## ӘРТҮРЛІ

6. «Royal Dostar» ЖШС (БСН 120440006156) астық қабылдау пунктінің мүліктік кешенін иеліктен шығаруды жоспарлап жақтаны туралы хабарлайды. Мекенжайы: ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Балтабай ауылдық округі, Балтабай ауылы, Д. Қонаев көшесі, құрылыс 124А. Телефон: +77017376755.

16. «FLSmidth (ФЛСмидс)» ЖШС, БСН 150340004677, өзіне «FLSmidth Industrial Solutions Kazakhstan» ЖШС-н, БСН 121240000083, қосып алу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Пригородная көшесі, 9/12 ғимарат.

17. «FLSmidth Industrial Solutions Kazakhstan» ЖШС, БСН 121240000083, өзінің «FLSmidth (ФЛСмидс)» ЖШС-не, БСН 150340004677 қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Рубинштейн көшесі, 48 ұй.

19. «Онай кредит микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 1704400036642, микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті өтініш бергені туралы хабарлайды (Лицензия нөмірі: 02.21.0029.21. 15.03.2021 жыл).

26. «Спорттық жекпе-жек және күш қолданылатын спорт түрлері конфедерациясы» қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі, БСН 121240005887, өзгерту жолымен «Спорттық жекпе-жек және күш қолданылатын спорт түрлері конфедерациясы» қоғамдық бірлестігі, БСН 121240005887, болып қайта құрылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады: office@confederation.kz. Тел.: 8(7172)790460.

27. Астана қаласы, Қ. Аманжолов көшесі, 34 мекенжайы бойынша орналасқан «Spectrum» халықаралық мектебі» мекемесі, БСН 080940001583, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алуды бітіріп табылады. Ата-ананың төлемі жылына 2400 АЕК-тен (8 280 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8712695037, 8712695058.

28. «ВЦМ Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121), Серіктестіктің Атқарушы органның шешіміне сәйкес, 2023 жылғы 17 шілдеде сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша «ВЦМ Инвест» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабардар етеді. Қатысушыларды тіркеу 2023 жылғы 17 шілдеде көрсетілген мекенжай бойынша 09 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады. Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2023 жылғы 16 шілдедегі жағдай бойынша жасалады. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер: «ВЦМ Инвест» ЖШС директорын сайлау туралы. «ВЦМ Инвест» ЖШС Жарғылық капиталды ұлғайту туралы. Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда, жиналысты қайта өткізу күні – 2023 жылғы 4 қыркүйек. Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «ВЦМ Инвест» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

## БАНКРОТТЫҚ

15. Астана қаласы МСЭҚ 06.06.2023 жылғы №184 анықтамасымен «King Service Company» ЖШС-н (БСН 191040024452) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

Борышкердің орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ. Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, №93 Ұй, ф.к.к. № 7. ТОЛЫҚ АТҮ. уақытша басқарушы: Төлегенов А.Қ. Шағымдарды қабылдау мекенжайы: Астана қ., көш. А-92, д.5, 115. Уақытша менеджердің байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы): 87024877707, ak\_tlg@mail.ru. Шағымдарды қабылдаудың соңғы мерзімі: жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн.

## ТАРАТУ

2. Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің «Қарақия аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы» муниципалдық меілекеттік мекемесі, БСН 110640022193, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облы., Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Уәлиханов көшесі, 15. Тел.: 87293721989.

4. «Атырау облысы Құрманғазы ауданы халықты жұмыспен қамту орталығы» муниципалдық меілекеттік мекемесі, БСН 110640009760, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау обл., Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылдық округі, Құрманғазы ауылы, Жәлел Нығметов көшесі, құрылыс 15А. Тел.: 87022520856.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640007863) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Новошиим а/о, Новошиимское ауылы, Ленин көшесі, ғимарат 2.

7. «Жаңақала ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740002668) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала а/о, Жаңақала ауылы, Халықтар достығы көшесі, № 44. Тел.: 8(7114)121945; 8(7114)122305.

8. «Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640007526) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Тарбағатай ауданы, Ақжар а/о, Ақжар ауылы, Жамбыл көшесі, 22. Тел.: 8(72344)22157.

9. «Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640017999) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын а/о, Үлкен Нарын ауылы, Абайайхан көшесі, 109А ұй. Тел.: 8(723341)29528.

10. «Наурыз ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің халықты жұмыспен қамту орталығы» муниципалдық меілекеттік мекемесі, БСН 110640011514, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Боровской ауылы, Летунов көшесі, 7. Байланыс телефоны: 8(714)4334192

11. «Мендіқара ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» муниципалдық меілекеттік мекемесі, БСН 110640005173, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Боровской ауылы, Летунов көшесі, 7. Байланыс телефоны: 8(714)4334192

12. Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640006409, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоров ауылы, Красноармейская көшесі, 53 ұй. Байланыс телефоны: 8(71442)21306.

13. «Тату» ЖШС, БСН 000840012884 (Орал қаласы, Есқалиев көшесі, 51), өзінің таратылғанын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қ., Г.Потанин көшесі, 8. Тел.: 87112215277.

14. Жітіқара ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640009700, бұдан әрі - Мекеме), «Мекемені тарату туралы» Жітіқара ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 маусымдағы №116 қаулына сәйкес, мекеменің қызметін 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тоқтатқаны туралы хабарлайды. Кредиторлар шағымдарды осы хабарлама жарияланған сәттен бастап 2 ай ішінде ҚР, Қостанай облысы, Жітіқара қ., Асымбаев көш. 51, 1 қабат, 1 кабинет. Тел.: 21221, e-mail: centr\_zan\_jit@mail.kz мекенжайы бойынша мәлімді алады.

18. «Ұзынкөл ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» муниципалдық меілекеттік мекемесі, БСН 110640000350, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абылай хан көшесі, 53. Байланыс телефоны: 8(714)4421144.

20. «Еділ-Жайық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170840000296, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Д.А. Қонаев атындағы ықшамаудан, 67/1 үй, 45 пәтер.

21. «Махамбет ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» муниципалдық меілекеттік мекемесі, БСН 110740000196, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі, 7А.

23. «Integrated Services Group» ЖШС, БСН 050740006171, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Смағұл көшесі, 4а, тел.: +7775322553.

24. «Павлодар облысы Железин ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740007530, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Железин ауданы, Железинка селосы, Квитков көшесі, 7, Тел.: 8(71831)21796.

25. «Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» муниципалдық меілекеттік мекемесі, БСН 110740010371, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Абай даңғылы, 3/1. Тел.: 8(71133)52039.

29. Қорғалжын ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740005078, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Т.Әубәкіров көшесі, 3.

30. «Торговый дом Нүкер», жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 03044000063, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Казчик ауылдық округі, Комсомол ауылы, 27 үй, кеңсе 1. Телефон: +7715070059.

31. «Исток-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 040640000385, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, 040701, Іле ауданы, Күрті ауылдық округі, Ақши ауылы, Рысқұлов көшесі, 21/1 үй. Телефон: +77715070059.

32. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Саябақтары» КММ, БСН 210740016054, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі, ғимарат 92, пошта индексі 160301.

33. Павлодар қаласының 2023 жылғы 2 маусымдағы № 732/1 қаулысы негізінде «Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ заңды тұлғасы өзінің таратылатыны хабарлайды. Таратылатын мекеменің кредиторларының барлық шағымдары «Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, Павлодар қаласы, А.К. Бектұров көшесі, 115Б мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Тел.8(7182)215470.

34. «Павлодар облысы Ертіс ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640016377, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, Бөгенбай көшесі, 97. Байланыс телефоны: 8(71832)22877, 8(71832)22880.

## МҰРАГЕРЛІК

3. 2020 жылы 4 шілдеде қайтыс болған Көбенова Гүлсара Ізетқызының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шмелі ауданы, Шмелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

Атырау облысының судьялар корпусы және сот жүйелерінің ардагерлері, Судьялар одағының Атырау филиалы, Атырау облысы соттарының сот қызметкерлері ҚР Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Джумағалиева Гүлжан Махсотқызына аяулы анасы **Доспаева Жұмажан Далабайқызының** дүниеден өтуіне байланысты отбасына түскен орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Қривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-605-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұ

САРАП

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР



Бақытбек ЕЛШІБЕКОВ, Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

Азаматтар мен ұйымдардың конституциялық құқығын қорғау сот органдарына да тиесілі. Өз кезегінде сот төрелігін жүзеге асыру кезінде дауды әділ шешу үшін дәлелдемелердің рөлі аса маңызды.

Дәлелдемелер – сот тараптардың талабы мен қарсылығы негізінде сондай-ақ, істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайдың бар, жоқ екенін анықтайтын заңды тәсілмен алынған фактілер туралы мәліметтер.

Егер фактілер туралы мәліметтер Азаматтық процесілік кодекстің (АПК) талабын бұза отырып, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттерді қолдану арқылы; дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылым-білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы алынған дәлелдеме жарамсыз болып танылады.

Судья дәлелдемелерді АПК-нің 16-бабына сәйкес өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды. Бұл ретте ол заң мен ар-ұятты басшылыққа алады. Сот үшін ешқандай дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайтынын ескерген жөн.

Сот тәжірибесінен көріп жүргеніміздей, азаматтық дауларда қай тараптың дәлелі нақты болса, таразының бір басы сол тарапқа қарай басылуы бек мүмкін. Көп жағдайларда сотқа жүгінуші тарап жеткіліксіз дәлелдермен немесе мүлдем дәлелсіз, айғақсыз (тек қана ауызша) сотқа жүгінетін жағдайлар да орын алып жатады.

Тараптар өздері үшін қажетті дәлелдемені ұсыну кейіннен мүмкін болмайды немесе қиындық келтіреді деп қауіптенсе, соттан осы дәлелдемені қамтамасыз етуді сұрауға құқылы. АПК-нің 69-бабында сот дәлелдемелерді қамтамасыз етуді куәлардан жауап алу, сараптама тағайындау және жүргізу, дәлелдемелерді олардың сақталған жерінде қарап тексеру, сот тапсырмасын жіберу және басқа да тәсілдер арқылы жүргізеді.

Яғни, істі жан-жақты және объективті шешу үшін дәлелдемелердің жеткілікті болуына судьялар да мүдделі екенін естен шығармаған жөн. Алайда сот дәлелдемелерді жинауға көмектесу үшін қайсы бір тарапқа басымдық білдіруі мүмкін емес. Себебі, сот алдында барлығының құқығы тең. Соттың міндеті – дәлелдемелік материалдың қайсысы сот дәлелдеме белгісіне ие болатынын анықтау.

ІНДЕТ

АШКӨЗДІК ПАРА АЛУҒА ИТЕРМЕЛЕЙДІ

Бүгінгі күні жемқорлық қоғамымыздың ең өзекті мәселесіне айналып отыр. Мемлекеттің дамуын тежейтін қоғамның жегі құртын жою бағытында елімізде көптеген жұмыс атқарылуда.

Қоғамда орын алып отырған осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатуы ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел келешегіне, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиян тигізеді. Сондықтан келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе.

Өйткені, қоғамның әр мүшесі өзінің тұрмыстық, әлеуметтік және құқықтық мәселелерін шешу кезінде еріксіз сыбайлас жемқорлықтың ықпалын сезінетіні шындық. Қарапайым азаматтар еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың кең етек жаюын тек биліктегі адамдардың ашкөздігімен ғана байланыстырады.

3.АМАНҚҰЛОВА, Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ҮЛГІ



Судьялар мен сот қызметкерлері үшін өткен жыл ерекше жыл болды. Себебі, біраз уақыттан бері айтылып, жазылып жүрген мәселе оң шешімін тауып, 24 маусым – «Судья мен сот қызметкерлерінің мерекесі» болып белгіленді.

Алма Бақиқызы заңгер мамандығы бойынша білім алып, 18 жасынан бастап саналы ғұ-

«ЖАҚСЫҒА ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕ»

мырын бір салаға ғана арнаған жан. 1971–1987 жылдар арасында еңбек жолын сот отырысының хатшысы болып бастап, өзінің алдына қойған мақсатына қол жеткізе жүріп, 1992–2010 жылдар арасында ауданымыздың сот жүйесіндегі алғашқы әйел ретінде тарихта қалды.

Халқымызда «Жақсыға қарап бой түзе» деген қанатты сөз бар. Бірге қызметтес болғанда аңғарғанымы, ол кісі әрдайым өз міндетіне және еңбек тәртібіне өте жауапкершілікпен қарап, жұмыс барысында өзін сауатты және білікті заңгер ретінде көрсете білді.

Алма Бақиқызы әмірлік жары Имаш ағамен бірге төрт қыз тәрбиелеп, білім беріп, құтты ұясына

қондырған. Бүгінде алтын асықтай немере сүйіп отырған аяулы ана, ұжымда білікті әріптес. Алма апамыз өзінің кәсіби білімін және жұмыс сапасын көтеруге барын салды. Ауыл азаматтарының арасында беделді, қоғамдық жұмысқа да белсенді қатысып, ұйымдастыру тәсілдерінің тиімді жағын қолдануда ерекше ынта білдіреді.

Қазір Алма Бақиқызы құрметті демалыста болса да, қорғаушы, кәсіби медиатор жұмысымен айналысып, тараптардың ортақ тіл табысуына, келісімге келуіне үлес қосып, халықтан алғыс алып отырған ауданымыздың Құрметті азаматы. Бүгінгі таңда жастарға ақыл-кеңесін айтып, мол тәжірибесімен бөлісіп жүр.

Осы орайда, Алма Бақиқызын 70 жас мерейтойымен құттықтап, Имаш ағамызбен қол ұстасып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында әдемі қартаюды Алла нәсіп етсін деген шынайы тілегімізді жолдағымыз келеді.

Сәуле ҚАНАТҚЫЗЫ, Шет аудандық соты әкімшісінің басшысы ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРГЕ ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫ МІНДЕТТІ

Қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде қылмыстық теріс қылықтар тізімі көрсетілген. Ал қылмыстық теріс қылық бойынша істердің іс жүргізу ерекшелігі Қылмыстық-процестік кодекстің 55-тарауында нақтыланған.

Қылмыстық теріс қылық туралы істер іс сотқа келіп түскен кезден бастап он бес тәулік ішінде қаралуы тиіс. Процеске қатысушылардың өтінішхаты түскен не істің мән-жайын қосымша анықтау қажет болған жағдайда, қарау мерзімі ұзартылуы, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Судья қылмыстық теріс қылық туралы істі қарауға кірісе отырып, сотталушыны, іс бойынша іс жүргізуге қатысатын басқа да адамдарды, маманның түсінігін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге

дәлелдемелерді зерттейді. Қажет болған жағдайда, осы кодексте көзделген басқа да процесілік әрекеттерді жүзеге асырады. Сот қылмыстық теріс қылықтар туралы істерді қараған кезде прокурордың қатысуы міндетті.

Судья қылмыстық теріс қылық туралы істі қарап шығып:

- 1) кодекстің 46-тарауында көзделген тәртіппен айыптау немесе ақтау үкімін шығарады;
2) кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде істі тоқтатады;
3) қылмыс белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеу-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жібереді.

Соттың қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша шығарған үкімі заңды, негізді болуы тиіс. Үкімнің шығару құпиясы сақталуы қажет. Сондай-ақ, іс бойынша шешім істі қарау аяқталғаннан кейін дереу жариялануы тиіс.

С.АЯПОВ, Жәнібек аудандық сотының судьясы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

Әрбір отбасының басты парызы ұрпағын жалғастырып, бала тәрбиесіне көңіл бөлу. Ел жаңарғалы бері бұл мәселе де күрделене түсті. Бүгінде балалар үйден шықпай телефонға, компьютерге телміріп уақыт өткізеді. Бұл жұмысбасты ата-анаға ыңғайлы екені рас. Ең бастысы бала көз алдында. Бірақ бала не көріп, не үйреніп отыр, ол жағына үңіліп жатқан ешкім жоқ.

Бала тәрбиесі – жауапты іс. Баламызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымыздың білімді, мәдениетті, әдепті, қышпайлы, қарапайым болуы өз қолымызда. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала

ТЕЛЕФОНҒА ТЕЛМІРГЕН БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ АҚСАЙДЫ

тәрбиесінде әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшелікке көңіл бөлуі керек. Ал көп ата-ана баласының басқадан кем болмауын, өзгелерден озық тұруын тек материалдық жағдаймен байланыстырады. Баланы ақылмен, таза жүрекпен, адал еңбекпен тәрбиелеген жөн. Жасөспірім ата-анасының бақылауынан тыс қалуды «бостандық» деп түсінеді. Бұл «мен жеке тұлғамын, өмір менікі» дейтін жаңсақ пікірге әкеліп соғады.

Смартфон салдарынан жас балалардың ұйқысы қанбайды. Ұйқысы қанбаған баланың ойлау

қабілеті нашарлайды. Сөйтіп өзіне қажет материалдық хәм физиологиялық ақпаратты толық ала алмайды, мұндай бала уақыт өте келе рухани мүгедекке айналды. Сондай-ақ, барлық ақпаратты интернеттен алған баланың күнделікті ортамен табиғи байланысы шектеліп, өмір сүрудің өзегі мен әдебінен ажырайтыны тағы рас. Сондықтан баланың тәрбиесін естен шығармайық.

Сәкен НАХИПОВ, Түркістан облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location (Астана, Алматы облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Маңғыстау облысы, Қызылорда облысы, Түркістан облысы, Батыс Қазақстан облысы) and Name (Айша Құрманғали, Нұрбол Әлдібаев, Жансая Есмағанбетова, Боранбай Ғалиев, Жазира Әбіл, Гүлбану Мақажан, Сейітхан Құлмаханбетов, Шадиар Мекенбайұлы, Нұрлыбек Рахманов)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6615 дана
Апталық таралым 11 230 дана

Тапсырыс №85 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31